

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 62 шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 17 маусымдағы № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 17.06.2024 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысының 2024 жылғы 12 сәуірдегі №08-02-07/93 ұсынысы негізінде, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Еспенбетов көшесі №5 тұрғын үйдің аумағында бір бас мысықтың басынан құтыру ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шолаққорған ауылдық округінің әкімі

А.Елібаев